

туындыларынан жеңіл гидродеалкилденеді. Сонымен, 500⁰С және 100 атм 1-метилнафталинді гидродеалкилдеудің салыстырмалы жылдамдылығы толуолдан 3,5 есе артық болады.

9-кесте

Бензол және нафталин туындыларын гидродеалкилдеу (520⁰С; 100 атм; меншікті көлемді шикізатты жеткізу жылдамдығы 1,5 с, сутек: көміртек мольдік қатынастары=4,5:1 алюмомолибденді катализатор)

Реакция өнімдерінің шығуы, шикізатқа салм. %	Бастапқы шикізат					
	толуол	n-ксилол	1,2,4-үшметил-бензол	2-метилнафталин	1-метилнафталин	1,6-диметилнафталин
Бензол	13,5	2,6	1,5	} 2,6	3,8	2,5
Толуол	81,5	28,0	6,9			
Ксилолдар	-	62,4	34,5			
Үшметилбензолдар	-	-	48,5			
Нафталин	-	-	-	25,8	41,7	11,3
Метилнафталиндер	-	-	-	64,4	47,2	44,8
Диметилнафталиндер	-	-	-	-	-	33,7
Көмірсутектер C ₁ -C ₄	3,1	6,3	9,1	4,4	6,6	9,0
Басқа көмірсутектер	2,4	1,6	0,7	3,6	1,7	-
Басқа көмірсутектер қосылған сутекті есепке алғанда, барлығы	100,5	100,9	101,2	100,8	101,0	101,3
Сутек шығыны, салм. %	0,5	0,9	1,2	0,8	1,0	1,3
Көмірсутектің түрлену жылдамдығы, %	18,5	37,6	51,5	35,6	52,8	66,3

Каталитикалық гидродеалкилдеуге түсетін өнеркәсіптік шикізатта ароматты көмірсутектермен қатар парафинді және нафтенді көмірсутектер болады. Бұл көмірсутектердің алюмомолибденді катализаторда айналу нәтижелері 10-кестеде келтірілген.

Парафинді көмірсутектерден газкүйіндегі реакция өнімдерінің шығуы 75%-ға жетеді; сонымен қатар шамалы дәрежеде дегидроциклдеу реакциялары өтеді. Ароматты көмірсутектерге дегидрлеу және диметилциклогексанға изомерлеу этилциклогексанның түрленуінің негізгі бағыттары болып табылады.